

Мәслихаттың 2014 жылғы 22 шілдедегі № 219 "Қостанай облысы Таран ауданы Новоильинов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2017 жылғы 24 қарашадағы № 135 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 7405 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 350 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 23.01.2020 № 350 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 22 шілдедегі № 219 "Қостанай облысы Таран ауданы Новоильинов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5027 тіркелген , 2014 жылғы 11 қыркүйекте "Маяк" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессиясының
төрағасы аудандық мәслихаттың хатшысы*

С. Сапабеков

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы Таран ауданы
Новоильинов ауылдық округінің әкімі

_____ С. Мусапиров

"24" қараша 2017 жыл

Мәслихаттың
2017 жылғы 24 қарашадағы
№ 135 шешіміне қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 22 шілдедегі
№ 219 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Таран ауданы Новоильинов ауылдық округінің
жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары
өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекеннің атауы	Ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Ақсуат ауылы	15
2	Богородское ауылы	7
3	Валерьяновка ауылы	15
4	Козыревка ауылы	4
5	Мирное ауылы	2
6	Новоильиновка ауылы	51
7	Притобольское ауылы	7
8	Увальное ауылы	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК